

ШЖҚ МҚК «Манғыстау облыстық жоғары медициналық колледжі»

Педагогикалық кеңестің
отырысында қаралды
Хаттама № 1
«31» 08 2022 ж.



СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН ПШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕСІ

Жаңаөзен 2022 ж.

1.Жалпы ереже

- 1.1.Осы ШЖҚ МҚҚ «Маңғыстау облыстық жоғары медициналық колледжі» студенттеріне арналған ішкі тәртіп ережесі Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының білім туралы заңдылықтарына, Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Занына, сапа аймағы саясатына, колледж Жарғысына сәйкес әзірленген және колледж студенттерінің тәртіп ережесін, окуын және Колледж қызметкерлерімен өзара қарым қатынасын реттейді.
- 1.2. Техникалық және кәсіптік білім бағдарламасы бойынша білім алу үшін белгіленген тәртіппен директордың бүйрекімен қабылданған тұлға колледж студенті болып табылады.
- 1.3. Ишкі тәртіп ережесі барлық Колледж студенттері үшін міндетті болып табылады.
- 1.4. Студенттерге арналған ішкі тәртіп ережесі, сондай-ақ оған өзгертулер мен толықтырулар педагогикалық көнесте қабылданады.
- 1.5. Оқу жылы 1 – қыркүйектен басталады.
- 1.6. Сабактың басталуы: 08:00-18:25
- 1.7. Бір сабактың ұзақтығы оқу орындары мен үйымдарының бекітілген нормативтерімен және оқу үйымдарында қолданылатын оқу технологияларына сәйкес.
- 1.8. Оқытушылар мен білім алушылар сабакқа дайындалу және аудиторияны сабакқа даярлау үшін 15 минут бұрын келеді.
- 1.9. Оқу үрдісі бекітілген сабак кестесі негізінде іске асады.
- 1.10. Білім алушыларды колледж әкімшілігінің рұқсатынсыз колледж аумағынан тыс жерге алыш кетуге тыйым салынады.
- 1.11. Оқу гимаратындағы жалпы тәртіпке кезекші әкімшілік өкілі, шаруашылық қызметі жауап береді.
- 1.12. Колледже болған уақытында әр білім алушы өз киімі және жеке мүлкі үшін жауапкершілікті өзіне алады.
- 1.13. Колледжге спирттік ішімдік ішіп келген жағдайда білім алушылар оқудан шығарылады.
- 1.14. Колледж территориясында шылым шегуге, түкірге, қоқыстауға және басқа да құқыққа қарсы нәрселер жасауға қатаң тыйым салынады. Ондай іс-әрекеттер болған жағдайда тәртіп бұзушыға тәртіптілік шаралары қолданылады немесе қызметкерлер жұмыстан, ал білім алушылар оқудан шығарылады. Қазақстан Республикасы заңдылықтарын бұзған уақытта немесе тұлғага қарсы бағытталған қарсылық іс-әрекеттер байқалған жағдайда және колледжге шығын экелер болса, қызметкерлер жұмыстан шығарылады, ал білім алушылар қайта қабылданусыз оқудан шығарылады.
- 1.15. Колледже және жатақханада діни киімдер киоге және сиынатын бөлмелер мен діни қатынастар жасауға тыйым салынады.
- 1.16. Колледж мүлкін құртқан жағдайда кінәлі оны бастапқы күйдегідей орнына келтіреді немесе нарықтық бағасын төлейді. Кінәлі анықталмаған жағдайда, жауапкершілікті кабинет мемгерушісі котереді.
- 1.17. Колледждегі немесе жатақханадағы мүлкіті тартып алушылық, тәртіп бұзушылық, тобелес жағдайлары орын алған жағдайда, білім алушылар оқудан шығарылады.
- 1.18. Колледж оқытушылары мен білім алушылары кезекші оқытушының, кезекші топтың және колледждің қауіпсіздік қызметі жұмыскерлерінің талаптарын орындауға міндетті.
- 1.19. Колледж қабырғасында, оқу гимаратында және жатақханада білім алушыларға саяси партиялар мен басқа қоғамдық саяси үйымдардың бағдарламаларын, жаргылық талаптары мен ұстанымдары бойынша үгіт-насихат жұмысын жүргізуге тыйым салынады.
- 1.20. Колледждің оқытушылары және білім алушылары осы берілген Ережелермен міндетті түрде танысулары керек.

2. Білім беру процесін үйімдастыру

- 2.1. Колледжегі білім беру үдерісі пән және оқу курстары жұмыс бағдарламасы мен қабылданған білім беру бағдарламасын жүзеге асыру жолымен кәсіптік дайындау, кәсіптік білім беру жақеттіліктерін камтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.
- 2.2. Білім беру үдерісіне теориялық оқыту, өндірістік (кәсіптік) практика, тәрбие жұмыстары жатады. Ол оқу жоспарларын, құнтізбелік оқу кестесі мен сабак кестесін белгілейді.
- 2.3. Оқу жоспарлары педагогикалық кеңесте қаралады және бекітіледі.
- 2.4. Оқу үдерісінің кестесін және сабак кестесін колледж директоры бекітеді.
- 2.5. Азаматтарды колледже оқуға қабылдау өтініштері бойынша қабылдау тәртібі, ережесі және шарты колледждің қабылдау Ережесімен белгіленеді және реттеледі.
- 2.6. Колледже оқыту мамандықтар бойынша оқу топтарында жүргізіледі. Әр оқу тобын басқару үшін директордың бүйрігімен топ жетекші тағайындалады.
- 2.7. Құндізгі оқу бөлімі студенттері үшін оқу жылы 1 қыркүйектен басталады, екі семестрден тұрады және аталған кәсіптік-білім беру оқу жоспарына сәйкес аяқталады.
- 2.8. Колледже оқу жоспарлары мен сабак кестесіне сәйкес 5 (бес) құндік оқу аптасы белгіленген.
- 2.9. Қабылданған білім беру бағдарламасын іске асыру мақсатында құнделікті жұмыс (оқу) уақытын бөлу колледждің күн тәртібімен реттеледі.
- 2.10. Аудиториялық сабактың барлық түрі үшін академиялық сағат ұзақтығы 45 минут; ал оқытудың кредиттік технологиясы бойынша (Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін үйімдастыру тәртібін бекіту туралы» бүйрігіна сәйкес) оқу жұмысы көлемін жоспарлау кезінде оның барлық түрі үшін бір кредит 30 (отыз) академиялық сағатқа тең. Оқу жұмыстарының барлық түрі бойынша бір академиялық сағат 50 минутқа тең.
- 2.11. Жалпы білім беру және кәсіптік бағдарламаны менгеруі бақыланады және студенттердің мемлекеттік білім стандартына, біліктілік мінездемесіне, білім беру бағдарламасын менгеру талаптарына іскерлігі мен дағдысының, білім деңгейі мен сапасының сәйкестігін анықтауға арналған корытынды аттестациямен аяқталады.
- 2.12. Студенттерді аттестациялау, оларды келесі курсқа ауыстыру және колледжді бітірту, осы шараларды үйімдастыру мен еткізу директор бекіткен локалды нормативті актілермен реттеледі.
- 2.13. Колледжді бітірген кезде студенттердің білімін тәуелсіз бағалау бойынша мемлекеттік (корытынды) аттестацияларды жақсы тапсырған жағдайда диплом беріледі.
- 2.14. Колледжегі жастар, кәсіподақ және басқада занды қоғамдық, діни үйімдар, бірлестіктер, қозғалыс т.б қызыметтері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес колледждің Педагогикалық кеңесімен реттеледі. Колледже зан бойынша тіркеlemеген осыған ұқсас Педагогикалық қызыметіне тиым салынады. Бұл ереже жекелеген насиҳатшылар, агенттер, өзге т.б үйімдардың қызыметіне тиым салынады. Бұл ереже жекелеген насиҳатшылар, агенттер, өзге т.б тұлғаларға қолданылады. Осы ереженің орындалуына жауапкершілік колледж әкімшілігіне жүктеледі.

3. Студенттердің құқықтары

Студенттерге тәмемдегідей құқықтар беріледі:

- 3.1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыга міндетті білім беру стандартына сәйкес білім алуша;
- 3.2. Білім беру гранты және келісімшарт негізінде окуға;
- 3.3. Белгіленген өлшемде (мем. тапсырыс бойынша білім алушы тұлғалар үшін) шәкіртакы алуша;
- 3.4. Колледже кітапханалық-апараттық қорларды, жабдықтарды ақысыз қолдануга;
- 3.5. Колледж Жарғысы мен сәйкестендірілген локалды актілерде белгіленген тәртіpte, оның ішінде өзін-өзі басқару органдары арқылы колледж қызыметі мәселелерін шешуге және талқылауға қатысуға.
- 3.6. Адамдық қадір-қасиетін, ар-ождан бостандығын сыйлау өз ойы мен қозқарастарын, сенімдерін (өз тараҧынан Қазақстан Республикасының заңдарын, құқықтық актілерін, Колледж Жарғысын, осы ережені және басқа да азаматтардың құқықтарын сақтай отырып) еркін жеткізуғе;
- 3.7. Оқудағы жетістігі және Колледждің қоғамдық жұмыстарына белсенді қатысқаны үшін моралдық және (немесе) материалдық марапаттауға;
- 3.8. Барлық шығармашылық жобаларға, ғылыми-зерттеу жұмыстарына, конференцияларға, симпозумдарға, жиналыстарға, конкурстарға, фестивалдарға қатысуға, көпшілікке өз жұмыстарын, оның ішінде колледж баспасына ұсынуға, пәндік үйірмелермен айналысуга;

3.9. Конференцияларға, түрлі конкурстарға, көркемөнерпаздарға, спорттық секциялар жұмысына, Колледждің күрылымдық бөлімдері үйімдастырылған жарыстарға және басқа да шараларға қатысуға;

3.10. Колледждің студенттік өзін-еzi басқару органына сайлауға және сайлануға;

3.11. Ауруы бойынша амбулаториялық-емханалық үйім жанындағы дәрігерлік-кенес беру комиссиясының қорытындысы (әрі қарай-ДКК) мерзім ұзақтығы 6 айдан 12 айға дейін, туберкулезбен ауырган жағдайда туберкулезге карсы мекеменін Орталықтандырылған дәрігерлік-кенес беру комиссиясының шешімі (әрі қарай-ОДКК) мерзім ұзақтығы 36 айдан кем емес, босанғаны туралы, асырап алған баланың үш жасқа толғанға дейін, әскери қызметке шакыру туралы қағаз негізінде академиялық демалыс алуға;

3.12. Белгіленген білім туралы заңнама тәртібімен басқа оқыту түріне, мамандық және(немесе) дайындық бағытына, басқа кәсіп бойынша білім алуға ауысуга;

3.13. Белгіленген білім туралы заңнама тәртібімен негізгі кәсіби білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру мекемесінде білім алу үшін қайта рәсімдеуге.

4. Колледж білім алушылардың жатақханаға орналастырылу және шығарылу тәртібі

4.1 Колледж директорының атына жатақханада түруга мұқтаж екендігі туралы жазылған өтініші бойынша;

- №075-У үлгідегі медициналық анықтамасының көшірмесі;

- жатақханада түрганы үшін ақша төлеген түбіртегі ;

- жеке құжатын көрсеткен жағдайда (толқұжат), білім алушы жатақханаға орналастырылады.

4.2 Колледж жатақханасынан білім алушы келесі негізде шығарылады:

- түрганына байланысты уақытылы төлемақысын төлемеген үшін;

- колледждің ішкі тәртіп Ережелерін бірнеше рет өрекел бұзған жағдайда;

- медициналық анықтамасы денсаулығына байланысты берілген кезде;

- өз еркімен;

- бөгде адамдарды жатақханаға себепсіз кіргізген үшін;

- ұлттық және жалпы адамзаттық рухани-адамгершілік құндылықтарға құрметпен қарамаганда;

- жатақхананың ішінде және сыртында тазалық сақтамаған жағдайда;

- жатақханаға кесетін, түйретін, жарылғыш-қопарғыш заттарды, газ баллондарын және окпен атылатын қаруларды әкелген үшін;

- өрт қауіпсіздігі ережесін сақтамаған үшін;

- жатақхана жеке мүлігіне (шкафттар, көрнекі құралдар, кітаптар, құралдар, графиндер, құрал-жабдықтар) ұқыпсыз қарағаны үшін.

5.Студенттер міндетті:

5.1. Қазақстан Республикасының Конституциясымен және заңдарымен белгіленген азаматтық міндеттерін орындауға;

5.2. Колледж Жарғысын, осы ішкі тәртіп ережесін, басқа да оларға қатысты құқықтық және локалды актілерді сақтауға;

5.3. Колледждегі оқытудың барлық түрін студенттер таңдаған мамандығы бойынша теориялық білім мен практикалық дағдыларды игеруге, тапсырмалардың барлық түрін уақытылы орындауға, оку жоспарлары мен оку бағдарламаларына сәйкестігін қатаң сақтай отыра барлық өмтихандар мен сынақтарды белгіленген мерзімде (өмтихандық сессия)тапсыруға;

5.4. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оку сабактарына қатысуға және оку жоспарлары мен бағдарламаларында қарастырылған барлық тапсырма түрлерін белгіленген мерзімде орындауға, жіберген сабактарды уақытында өтеуеге;

5.5. Колледж қызметкерлерімен және студенттерімен қарым-қатынаста съпайы болуға, тәртіпті колдауға және сақтауға;

5.6. Колледжде, көшеде, қоғамдық орындарда және күнделікті түрмиста өзін лайыкты ұстаяуға, тәртіпті және ұқыпты болуға;

Ер балдар қыска, тегіс қыскартылған шашты, қыздар- ұқыпты шаш үлгісі, шаш жиналған;

5.7. Колледж директоры бекіткен тәртіп пен нұсқаулықтарға сәйкес қарастырылған өртке карсы күзет және еңбек гигиенасын, өндірістік тазалықты, қауіпсіздік техникасын, еңбекті корғау жөніндегі талаптарды сақтауға;

5.8. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Занының 496.7т. сәйкес «білім беру мекемелеріндегі белгіленген киім үлгісін сактау» анықталған.

Колледж қабырғасында белгіленген киім үлгісін сактауга:

Жалпы киім үлгісі:

- медициналық халат бейдикпен, қалпак, екінші аяқ киім;
 - базада практикалық оқытуда хирургиялық костюм кио қажет.
 - дene бөлшектерін (кіндігін, белін, төсін) ашып журуге, хиджаб киоге, қатты көзге түсімді косметика(бет бояуын) колдануға, пирсинг жасатуға рұқсат етілмейді;
- Колледж аумағынан медициналық халатпен, қалпақпен шығуға тиым салыналады. Дене шынықтыру сабактарында белгіленген үлті бойынша- спорттық костюм.

5.9. Колледж мүлкін сактауга, бұлдіруте жол бермеуге, техникалар мен жабдықтарын тиімді пайдалануға, оку және ғылыми-зерттеу мақсатында Internet желісінде жұмыс жасау үшін белінген қорды, студенттерге қолдануға берілген заттарды ұқыпты пайдалануға;

5.10. Оку сабактары кезінде оқытушының түсіндіргендерін, қасындағылардың жауаптарын мұқият тындауға, сойлемеуге, кедергі келтіреуге, оқытушының барлық тапсырмаларын орындауға. Сабак уақытында тек оқытушының рұқсатымен сұраптарға жауап беруге, сұрақ қоюға, тұруға және отыруға, аудиториядан кіруге және шығуға;

5.11. Лабораторияда, медициналық мекемелерде, кабинетте сабак кезінде және кәсіптік, оку-өндірістік практикалар өту кезінде сабак жетекшісі көрсеткен манекендерді, мұляждарды, көрнекі құралдарды пайдалануға, оларды ұқыпты ұстауға және қауіпсіздік техникасы ережелерін сактауға, ұялы телефонға суретке, бейнежазбага жазбауға ;

5.12. Сырқаттануына немесе басқа да дәлелді себептерге байланысты сабакқа келмеген кезде дереу белімше менгерушісін, топ жетекшісін, топ басшысын хабардар етуге. Егер студент белімше менгерушісін, топ жетекшісін, топ басшысын дер кезінде хабардар етпеген және дәлелді құжаты болмagan жағдайда сабакты дәлелсіз жіберген болып саналады. Ауырып қалған жағдайда студент белгіленген нысан бойынша амбулаториялық немесе емдеу мекемесінде берілген анықтаманы ұсынуға;

5.13. Студент жіберген сабактарын директордың орынбасары бекіткен кестеге сәйкес өтеуге міндетті. Жіберген сабактарды өтеу белім менгерушісінің рұқсатымен сабак кестесінен тыс жүргізіледі.

5.14. Студенттің кінесынан колледжге келтірілген материалдық шығындарды қайтаруға.

6. Тыйым салынады:

6.1. Сабак кезінде дауыстап сойлесуге, шулауға, музика тындауға, сөйлеу барысында былапыт сөздерді пайдалануға , коридормен журуге;

6.2. Қарым-қатынасты шешу кезінде дene күшін қолдануға, соны айналадағылар үшін қауіпті болатын іс-әрекет жасауға;

6.3. Фимарат ішінде, колледж аумағында, аулада, оку корпусының алдыңғы кіреберіс қанатында шыльм шегуге, ластауға, түкіруге;

6.4. Қоғамдық тәртіпті бұзуга негізделген саяси және діни сипаттағы көпшілік іс-шаралар өткізуғе және оларды жүргізуғе үтітеге, тіркелмеген ұйымдардың атрибутикасын пайдалануға және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайши ойларын насхаттауға;

6.5. Колледж қабырғасында діни киімдерді киоге;

6.6. Ашық бояулар қолдануға, көп әшекей бұйымдар тағуға, ұзын және ашық түсті маникюр жасатуға;

6.7. Кәмелетке толмаган студенттерге ата-анасыз (занды өкілсіз) кешкі сағат 22.00 ден кейін көшеде және көніл котеру орындарында журуге

6.8. Тазалық-гигиеналық нормаларды бұзуга;

6.9. Оку белмелеріне сыртқы киім апаруға(пәлте, күртеше, сұлық, бас киімдер т.б);

6.10. Колледжде және оның аумағында спирттік сусындар, темекі бұйымдарын, құрамы улы және есірткі заттар және тағы басқа білім беру үдерісінің қатысуышларының денсаулығына зиян тигізетін және оку мекемесінің ішкі тәртіп ережесін бұзатын заттарды әкелуге, беруге, пайдалануға;

6.11. Жарылышка, жануға және улануға әкелуі мүмкін кез-келген заттарды әкелуге, беруге, пайдалануға;

- 6.12. Колледж әкімшілігінің рұқсатының санкционирован дыбыс жазуға, суретке және бейнекамераға түсіруге;
- 6.13. Колледж әкімшілігінің рұқсатының санкционирован дыбыс жазу, фото және бейне түсірулерді әлеуметтік желілерде, сайттарда жариялауда және пайдалануға;
- 6.14. Сабак және сабактан тыс шаралар кезінде косулы үялы телефон ұстауда, кулакқап пайдалануға және сағыз шайнауда, үялы телефонды немесе басқа да жеке техникаларды Колледждегі электрлі қосқышқа қосуға;
- 6.15. Жазба құжаттарды (оку журналдары, білім алушының үлгерім кітапшасы, студенттік билет) көшірмесін жасауда, ақпараттарды (оның ішінде компьютерлік) өзгертуге немесе колдануға.
- 6.16. Қадалғыш/ кескіш қаруулар мен өткір заттарға тиым салынады:
- балталар, сұңғілер мен наизалардың түрлері, мұз шапқыштар;
 - жылжымалы немесе лақтыратын жүзі бар кез келген ұзындықтағы пышақтар;
 - металдан немесе басқа да мықты материалдан жасалынған ықтимал қару ретінде ұсталынатын кез келген ұзындықтағы пышақтар ;
 - ашық ұстаралар мен өткір лезвиелер (қауіпті және бір реттік қосымша лезвиеі бар ұстараларды қоса);
 - қылыштар мен семсерлер, қылыштың тұтқасы;
 - скальпелдер;
 - металды жұлдыздар;
 - қадалғыш немесе кескіш қару ретінде колданылатын өнеркәсіптік құрал-жабдықтар, есіктерге арналған темір тескіштер мен бүргілар, шапқылар, қызмет көрсету пышақтары, аралар, бұрағыштар, балғалар;
 - бұрандыштар
 - тері астына дәрі беретін және токитын инелер;
 - жүзінің ұзындығы 60 мм асатын қайшылар;
 - бекіністік құрал-саймандар.
- 6.17. Тыйым салынады:
- телефонды сабакта оқытушының рұқсатының колдануға
 - колледже болған кезде дауысты режим мен мелодия тыңдау режимдерін колдануға.
 - қатігездік, зорлық-зомбылық мәліметтерін сактауда, таратуға, насиҳат жүргізуге.
 - үялы телефон колдану арқылы саналы түрде колледж имиджіне зиян келтіруге.
 - айналадағылардың көлісімінсіз ашық фото- мен видео- түсірілімдерді жасауда

7. Окудағы жетістігі үшін марапаттау

7.1. Білім беру бағдарламасын игеруде, қоғамдық қызметте және студенттерге арналған баска да жұмыстардағы жетістігі үшін моралдық және материалдық көтермелейдің әртүрлі түрлері белгіленген. Көтермелеге туралы шешімді Колледждің әкімшілігі (құрылымдық болімдер басшыларының ұсынысы бойынша бүйіркүй шығару жолымен ауызша және жазбаша) және қоғамдық үйімдар қабылдайды.

7.2. Көтермеледің келесі түрлері қабылданады:

- алғыс;
- студенттердің ата-анасына алғыс хат;
- қаржылай баламадағы алғыс;
- Колледждің Құрмет грамотасы;

8. Тәртіптік жаза

8.1. Бептіленген мерзімде дәлелсіз себептермен мамандығы бойынша оку жоспарын, студенттердің Колледж Жарғысында қарастырылған міндеттерді орындағаны және ішкі тәртіп ережесін бұзғаны үшін келесі шаралар қолданылуы мүмкін:

- тәрбиелік сипаттағы шаралар;
- тәртіптік жазалар.

8.2. Тәрбиелік сипаттағы шараларға студенттердің жеке касиеттерін, окуга және тәртіп сактауда құрметпен карауда тәрбиелеу, ішкі тәртіп ережелерінің бұзылуына жол бермеу, студенттің

жасаған іс-әрекеттерінің дұрыс еместігін түсіндіруге бағытталған Колледж әкімшілігі мен оның педагогикалық қызметкерлерінің әрекеті жатады.

8.3. Колледж Жарғысын, ішкі тәртіп ережесін, жатақханада тұру тәртібін бұзған немесе орындаған студенттерге тәртіптік жаза шаралары қолданылуы мүмкін

-ескерту

-сөгіс

-қатаң сөгіс

-окудан шыгару

8.4. Тәртіптік жаза қолдану кезінде студенттің жасаған іс-әрекетінің ауырлығы, мән-жайлары және оқуы мен мінезд-құлқы ескеріледі;

8.5. Студенттер ауырып жатқан уақытында(кужаттармен расталған) окудан шығарылмайды;

8.6. Колледже оқытындардың, соның ішінде құқыққа қарсы іс-әрекет жасаған жағдайда тұлғалардың окудан шығаруға негіз Колледж Жарғысы мен Қазакстан Республикасының «Білім туралы» заңына сәйкес айқындалады.

Студент Колледжден шығарылуы мүмкін:

-өз еркімен, оның ішінде науқастығына немесе басқа оку орнына ауысуына байланысты;

-академиялық үлгермеуіне(аралық аттестация қорытындысы бойынша үш немесе оданда көп қанағаттанарлықсыз баға, белгіленген мерзімде академиялық берешігін жоймаған жағдайда);

-кеңісімшарт шарттарын бұзған жағдайда, егер оқыту шығындарын толық өтеу негізінде жүргізілсе;

- оку ақысын уақытында төлемесе;

- сот үкімімен белгіленген занды күшіне енген қылмыс жасағаны, сондай-ақ Колледж студенті атағына нұқсан келтіретін өзге де құқыққа қарсы іс-қымыл жасағаны үшін;

- медициналық қажеттіліктен туындаған есірткілік заттарды қолданғаны үшін;

- Колледж гимаратында спирттік сусындарды ішкені үшін;

- бір семестрде оку сабактарын себепсіз 40 сағат көлемінде қалдыраса;

- колледждін ішкі тәртіп Ережелерін бірнеше рет (3 реттен артық) өрескел бұзған жағдайда;

8.8. Әкімшілік студентке алдын ала бұзушылықтың себебін, мән-жайын тәртіп бұзушының жеке басының әрі қарайғы салдарын ашып алмайынша жаза қолдануга құқылы емес. Бір бұзушылық үшін бір ғана жаза қолданылуы мүмкін;

8.9.Студенттің теріс қылыштары үшін және оқу уақытынан тыс жасаған қылмыска Колледж жауап бермейді

9. Оқу топтарындағы ішкі ұйымдастыру

9.1.Әр оқу тобында студенттер өз құрамынан топ жетекшісіне тікелей бағынатын топ басшысын сайлады.

9.2.Практикалық оқытудың тиімділігін арттыру үшін оқу топтарының студенттері еki топшага болінеді, олардың әрқайсысы өз топтары үшін топ басшысын сайлады.Топ басшысын топ жетекшісі бекітеді.

9.3. Өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін топ басшысы дөрекілік танытқаны үшін немесе бөлімше менгерушісімен байланысының белсенділігінің томендігі ауыстырылуы мүмкін. Бұл жағдайда мерзімінен бұрын жаңа топ басшысын сайлау жүргізіледі.

9.4.Оқу топтарының топ басшылары топ басшылар көңесін құрайды (старостат).